

Мәслихаттың 2024 жылғы 29 сәуірдегі № 176 "Әуликөл ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2025 жылғы 26 қыркүйектегі № 347 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 6 қазанда № 37065 болып тіркелді

Әуликөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Әуликөл ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" мәслихаттың 2024 жылғы 29 сәуірдегі № 176 шешіміне (Нормативтік құқытық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10201-10 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Әуликөл ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен Қағидаларын бекіту туралы";

көрсетілген шешімнің 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Әуликөл ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен Қағидалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасындағы тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Әуликөл ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен Қағидалары";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасындағы 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тұрғын үй көмегі кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарды, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеу сомасы мен көрсетілетін қызметті алушылардың осы мақсаттарға жұмсайтын шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Көрсетілетін қызметті алушының жиынтық кірісіне шығыстарының шекті жол берілетін деңгейі бес (5) процент мөлшерінде айқындалды."

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасындағы 7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Тұрғын үй көмегі көрсетілген қызметті алушыларға кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде

кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жеткізушілер ұсынған ай сайынғы жарналар туралы шоттарға және шығыстар сметасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

Тұрғын үй көмегінің мөлшерін көрсетілетін қызметті беруші Қағидалардың 4-1-тармағына сәйкес есептейді."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың төреғасы

Д. Койшибаев